

"Ауылшаруашылық өнімін тереңдете өңдеп өндіруі үшін сатып алынатын ауылшаруашылық өнімдерінің бірлігіне арналған субсидиялар нормативін бекіту туралы" Ақмола облысы әкімдігінің 2015 жылғы 30 наурыздағы № А-4/123 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы әкімдігінің 2020 жылғы 3 наурыздағы № А-3/107 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 10 наурызда № 7715 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы әкімдігінің 2021 жылғы 16 сәуірдегі № А-4/176 қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы әкімдігінің 16.04.2021 № А-4/176 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына , "Өңдеуші кәсіпорындардың ауылшаруашылық өнімін тереңдете өңдеп өнім өндіруі үшін оны сатып алу шығындарын субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 26 қарашадағы № 3-2/615 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10087 болып тіркелген) сәйкес, Ақмола облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Ауылшаруашылық өнімін тереңдете өңдеп өндіруі үшін сатып алынатын ауылшаруашылық өнімдерінің бірлігіне арналған субсидиялар нормативін бекіту туралы" Ақмола облысы әкімдігінің 2015 жылғы 30 наурыздағы № А-4/123 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4784 болып тіркелген, 2015 жылдың 16 мамырда "Ақмолинская правда", "Арқа ажары" газеттерінде жарияланған) келесі өзгеріс енгізілсін:

жоғарыда аталған қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Ақмола облысы әкімінің орынбасары **Ғ.К.Әбдіхалықовқа** жүктелсін.

3. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Ақмола облысының
әкімі*

Е.Маржикпаев

Ақмола облысы әкімдігінің
2020 жылғы 03 наурыздағы

№ А-3/107 қаулысына
қосымша
Ақмола облысы әкімдігінің
2015 жылғы 30 наурыздағы
№ А-4/123 қаулысына
қосымша

**Ауылшаруашылық өнімін тереңдете өңдеп өндіруі үшін сатып алынатын
ауылшаруашылық өнімдерінің бірлігіне арналған субсидиялар нормативі**

| Ауыл шаруашылығы өнімінің атауы | Тереңдете өңделген өнімдердің атауы | Субсидия нормативі, теңге/килограмм |
|---------------------------------|-------------------------------------|-------------------------------------|
| Шикі сүт | сары май | 39 |
| Шикі сүт | қатты ірімшік | 42,7 |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК